

БЕКІТЕМІН:

**ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Б.С. Умирзакова**



**ЖШС «БАНУ-ТҮРКЕШ» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫНЫҢ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
«БАЛАПАН» КІШІ ТОБЫНЫҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Түсінік хат

2024– 2025 оқу жылында ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай бақшасы «Балапан» кіші тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама), Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дене шынықтыру аптасына үш рет
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет күн сайын.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - сенсорика күн сайын.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына бір рет.
5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер
Қыркүйек	Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату, Шаңырақ, Теңге алу, Бес тас, Шертпе тас, Тоғыз құмалақ т.б.) «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында 2- апта) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында 3-апта) Жүру. Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын өртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.	Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын өртүрлі қалыпта ұстап жүреді; шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді.
	Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.	Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді.
	Көркем әдебиет	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық	Шағын әңгімелерді көрнекі

		стендттерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Ел боламын десең, бесігіңді түзе, Еңбек еткен — мұратқа жеткен, Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Дос – ажарың, жолдас – базарың. «Тілім менің тірегім» ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.	сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді.
	Сенсорика	Қаржылық сауаттылық математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту.Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын тап, Банкомат, Теңге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындату.	Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды.
	Сурет салу	Бояулар сыры- топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.	Қаламды дұрыс ұстайды.
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.	Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі.
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту.	Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу)

			біледі.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.	Құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыра алады.
	Музыка	«Күй күмбірі» , балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды.
	Қоршаған ортамен таныстыру	«Үнемді тұтыну» , «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау. «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау.	Есімін атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден таниды; ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа ересектерді таниды, олардың аттарын атайды.